

Абай-175

ҚАЗАҚ КИНОСЫНДА АБАЙДЫҢ ЭКРАНДЫҚ

Әр халықтың, ұжымның, солардың ұрпақтарының рухани әрі мәдени даму үдерісінде шығармашыл тұлғалардың үлесінің зор екені хақ. Шығармашыл деп отырған осы тұлғалардың философиялық көзқарастары, шығармалары арқылы халыққа білім мен ізденіске бет бұруды насихаттай отырып ағартушылықпен айналысқан еңбектері ендігі бізге де үлкен ой салатындай өзіндік құндылығын жоғалтқан жоқ. Жоғалтпайды да, себебі қазақ данышпандарының заманалар бойы сонша аңсағаны – өз жұртының саналы болсын дегені еді, ал ізденіс пен оқу-білімге құштарлық қай ортада, қай заманда болмасын өзекті. Көрген-білгенін қағаз бетіне түсірген данагөйлердің заманымызға жеткен әдеби туындылары «рухани жаңғырудың» бірден-бір маңызды аспектісі ретінде қарастырылады. Осы орайда, төбеде айтылған данышпан сипатына ең алғашқы ассоциация тудыратын тұлға, қазақ әдеби тілінің, жазба қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, қазаққа еңбегі сіңген қайраткер – Абай Құнанбайұлы.

Қазаққа толағай өзгерістер алып келген Абай ақын, композитор, аудармашы, ағартушы, саяси қайраткер, философ болатын. Өскелең ұрпаққа өсиет еткен философиялық трактаттар стиліндегі «Қара сөздер» ойтолғауы дүниетанымдық үлкен маңызға ие, саяси-әлеуметтік мәселелерді қозғап ой өрбітетін құнды даналық болып табылады. Өзінің поэзиялық туындыларна да халықтың әлеуметтік, моральдық мәселелерін арқау етіп, қоғамдық келеңсіздіктерді көп көтерді. Қазақ мәдениетін жаңартуды көздеп, либералды көзқарасты ұстанған реформатор болатын. Осынша дарын мен жан-жақты ізденістерді өз бойына қатар жинаған Абайды қазірде кинематограф бізге экрандық бейне ретінде соншалықты әрқилы, әрі толыққанды ашып жеткізе алды ма?

Кино өнерінің насихат құралы ретінде алар орны орасан екені мәлім. Еш асы-



ра сілтеп әсірелеусіз, ол бүгінгі күні әр адамның дерлік өмірінде бар. Қоғамға ауқымды ықпалы бар кинематограф заман бейнесін сақтай отырып ақпараттандыратын дереккөз. Тиісінше, өскелең ұрпақ, елдің болашағы делінетін бүлдіршіндерге экрандағы

кескін арқылы халық тарихын, мәдениеті мен біздің жағдайдағы мәдениет пен руханиятты жаңғыртуға атсалысқан тұлғалардың бейнесін жеткізе білу қажеттілігі туындайды, өйткені жас ұрпаққа үлгі алар, бой түзер «қаһармандардың» керек екені сөзсіз. Осы сәтте кино өнері алдыңғы планға шығады. Өз кезегінде, кино өнерінің биографиялық бейнені сан түрлі, сәтті шығаруға барлық мүмкіндіктері бар. Кейіпкер арқылы көрерменнің ұғымына тұтас бір образды құрастырып беру экран өнерінің еншісінде болып отыр.

Бүгінде қазақ көркемсуретті киносындағы Абай бейнесін үш фильм мысалында қарастыра аламыз. «Құнанбай» (2015), сондай-ақ ақынға арналған «Абай әндері» (1945) және «Абай» (1995) фильмдері аясында. Бұл үш фильмде бізге ұсынылатын бейне әртүрлі, дәлірек айтқанда ақын өмірінің